

Сабақ №1 Натурал сандар және нөл		Мектеп: «Күйкен ЖББМ» КММ		
Күні: 08.09.2020		Мұғалімнің аты-жөні: Жиенов К. Н.		
Сынып: 5 «А»		Қатысқан оқушы саны: 2	Қатыспаған оқушы саны:	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары		5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру;		
Сабақтың мақсаты		Тақырып аясында берілген есептерді шығара алады, яғни теориялық алған білімін практикада қолдана алады.		
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру сәті Үй жұмысын тексеру Математикалық логикалық есептер беру арқылы «Миға шабуыл»</p> <p>1. Жолаушының бір ешкісі, бір қапустасы, бір қасқыры бар. Ол өзеннің бір жағынан екінші жағына екі орынды қайық арқылы өтуі керек. жолаушы ешкіні, капуста және қасқырды өзеннен қалай өткізді? Қасқырды ешкімен қалдыра алмайды, ал ешкіні қапустамен қалдыра алмайтыны белгілі болса?</p> <p>Шешімі: Ол үшін үшеуін де қадағалаусыз қалмауы керек. Бірінші қатынағанда жолаушы өзеннің ар жағына ешкіні апарды. Екінші қатынағанда жолаушы қасқырды алады, капуста қалады. Өзеннің ар жағына жеткен соң қасқырды қалдырып, ешкіні қайтадан өзеннің бер жағына әкеледі. Үш қатынағанда ешкіні қалдырып, қапустаны өзеннің ар жағына апарды. Қапустаны қалдырады да, өзі бер жаққа қайта оралады. Төрт қатынағанда ол ешкіні өзеннің ар жағына шығарады.</p>	<p>Үй тапсырмасын тексертеді. Миға шабул сұрақтарына жауап береді.</p>		(Алдамұратова Т.А., Байшоланов Е.С. Математика: Жалпы білім беретін мект. 5-сыныбына арн. / Т. Алдамұратова, Е. Байшоланов. 1-бөлім - Алматы: Атамұра, 2017)
Негізгі бөлім Тақырыпты ашу 10 минут	<p>Ойланайық</p> <p>1) Қалай ойлайсың, неге: • сандарды жазуда біз қолданатын цифрлар араб цифрлары деп аталады? • біз қолданатын санау жүйесін ондық позициялық деп атайды?</p> <p>2) Бір және жүз нөлден тұратын сан қалай аталатынын білесің бе?</p> <p>3) Тез есептей аласың ба: 11·11; 111·111; 1111·1111 және т.с.с.? Қандай заңдылықты байқадың?</p>	<p>Оқулықпен жұмыс, деңгейлік тапсырмаларды қолдану</p> <p>А деңгейінің есептері № 3, 4,5 В деңгейінің есептері № 7,9,11 С деңгейінің есептері № 14,16</p>		Презентатция

Санауға қолданылатын сандар натурал сандар деп аталады. Кез келген натурал санды **он цифрдың** көмегімен жазады. Олар: **0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.**

Барлық натурал сандар тізбегін **натурал сандар** қатары деп атайды.

Нөл (0) – натурал сан емес.

Есте сақта

- 1) Ең кіші натурал сан – бір (1).
- 2) Натурал сандар қатарында әрбір келесі сан алдыңғысынан 1-ге артық болады.
- 3) Натурал сандар қатары шексіз, оның ең үлкен саны болмайды.
- 4) Біз қолданатын санау жүйесін ондық позициялық санау жүйесі деп атайды. Сан құрамындағы әр цифрдың мағынасы оның сандағы орнына байланысты болады.

Разряд – сан құрамындағы цифрлардың орналасуы (позициясы).

Класс – санды оң жақтан бастап бөлгендегі үш цифрдан құралған топ. Соңғы класта үш, екі немесе бір цифр болуы да мүмкін.

0 саны разрядта бірліктің болмайтынын көрсетеді.

24 473 000 385

кластар	миллиардтар			миллиондар			мыңдықтар			бірліктер		
разрядтар	жүздіктер	ондықтар	бірліктер	жүздіктер	ондықтар	бірліктер	жүздіктер	ондықтар	бірліктер	жүздіктер	ондықтар	бірліктер
сан	0	2	4	4	7	3	0	0	0	3	8	5

Бірінші класс – оң жақтағы ең біріншісі – бірліктер класы.

Екінші класс – мыңдықтар класы (мыңд.).

Үшінші класс – миллиондар класы (млн.).

Төртінші класс – миллиардтар (млрд.) немесе миллиардтар класы.

Бесінші класс – триллиондар класы (трлн), (1 трлн. = 1000 млрд.).

Оқушылар разряд бірліктерімен

Разрядтар және кластар кестесі

Кластар	Триллиондар (трлн.)			Миллиардтар (млрд.)			Миллиондар (млн.)			Мыңдар (мыңд.)			Бірліктер (бірл.)		
Разрядтар реті	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1
Разрядтар	жүздік триллиондар	ондық триллиондар	бірлік триллиондар	жүздік миллиардтар	ондық миллиардтар	бірлік миллиардтар	жүздік миллиондар	ондық миллиондар	бірлік миллиондар	жүздік мыңдар	ондық мыңдар	бірлік мыңдар	жүздіктер	ондықтар	бірліктер
Сандар			5	3	2	3	5	6	1	9	6	1	6	4	2
						7	4	0	8	6	1	4	0	0	0

танысады.

Топпен жұмыс
15 минут

Орындап көр

Дұрыс жауаптарды таңда:

- 5 саны ондықтар разрядында болатын сан:
a) 250; b) 501; c) 205; d) 951.
- 975 санының разрядтық қосылғыштар арқылы дұрыс жазылуы:
a) $9 + 7 + 5$; b) $900 + 70 + 5$; c) $970 + 5$; d) $90 + 700 + 5$.
- Мәнінде ондықтар саны отыз болатын өрнек:
a) $312 - 4$; b) $305 + 6$; c) $297 + 5$; d) $270 + 43$.

Жұп сандар – 2-ге бөлінетін сандар.

Тақ сандар – 2-ге бөлінбейтін сандар.

Жұп және тақ сандарды қосу және азайту:

$$\text{Жұп} \pm \text{Жұп} = \text{Жұп}$$

$$\text{Жұп} \pm \text{Тақ} = \text{Тақ}$$

$$\text{Тақ} \pm \text{Тақ} = \text{Жұп}$$

Жұп және тақ сандарды көбейту:

$$\text{Жұп} \cdot \text{Жұп} = \text{Жұп}$$

$$\text{Жұп} \cdot \text{Тақ} = \text{Жұп}$$

$$\text{Тақ} \cdot \text{Тақ} = \text{Тақ}$$

Мысалдармен тексер!

Сен білесің бе?

- Санау жүйесі екі топқа бөлінеді: позициялық және позициялық емес.
- Екілік санау жүйесінде тек екі цифр қолданылады: 0 және 1.
- Еуропада XII ғасырға дейін қолданылған Римдік жүйе позициялық емес болып табылады.

Тереңірек ойлан

- 4, 5, 6 цифрларын қолданып барлық екі таңбалы сандарды жаз. Олардың нешеуі жұп сан, нешеуі тақ сан болады?
- Көрсетілген бірлік арқылы өрнекте:
a) $120000 = \dots$ мыңд.; b) $120000 = \dots$ жүзд.; c) $120000 = \dots$ онд.
- Өзіңнің туған жылыңды рим цифрлары арқылы жаз.

Айналдыр

Кестені пайдаланып сандарды ондық жүйеге айналдыр:

1 000	500	100	50	10	5	1
M	D	C	L	X	V	I

- MMCCCXIII;
- MMMDCXVIII;
- CDXIV ондық жүйеге.

<p>Соңы 3 минут</p>	<p>Сабақты бекіту Рефлексия Қызыл - өзіне сенімді, алдына мақсат қоя білетін жандар Жасыл – ақ көңіл, табиғатты сүйетін жандар\ Сары – ниеті таза, пейілі кең жомарт жандар Көк – мейірімді, сенімді, биік армандарды көздейтін жандар</p> <p>Үйге тапсырма: № 8,10,</p>			
--------------------------------	--	--	--	--

<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Саралау іріктелген тапсырмалар, бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету жұмыстары.</p>	<p>Тапсырманы толық дұрыс орындаған оқушыларды марапаттау</p>	<p>Нұсқаулықпен жүргізіледі.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>		<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		